

Өрт –бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін, қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы. Өрт оқиғалары негізінен тұрғын секторда туындап отыр. Яғни, өрт басқа орындарға қарағанда азаматтардың үйлерінде, баспалдақтар және жертөлелерде жиі орын алады.

Жыл сайын мектеп демалысы кезінде балалардың отпен ойнауының салдарынан өрт саны артады. Егер де өрт балаларды дұрыс қадағаламау нәтижесінде орын алса, онда ата-аналар бұл үшін заңда белгіленген тәртіппен жауап беретінін есте ұстаған жөн. Алайда, ең маңыздысы – баланың денсаулығы мен өмірі қауіпсіздігі.

Балаға сіріңкемен ойнауға болмайтынын айту жеткіліксіз, оларға оттың зияны мен салдарын дұрыстап түсіндіру қажет. Сіріңкелер мен өзге де тұтандырғыш керек-жарақтарды, сондай-ақ өрт тұрғысынан аса қауіпті бұйымдарды, заттар мен материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау және мүмкіндігінше балаларды ұзақ уақыт қараусыз қалдырмау қажет. Баланың өртке қарсы қызметтің "101" телефон нөмірін білуі өте маңызды және кез келген оқиға болған жағдайда қоңырау шалу қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, білім беру мекемелерінде жүргізіліп жатқан өрт қауіпсіздігі саласындағы профилактикалық жұмыс отбасының қатысуынсыз барынша тиімді нәтиже бере алмайды. Сондықтан біз ата-аналарды, ата-әжелерді балаларына, немерелеріне мұқият болуға шақырамыз. Аяқ асты болатын қайғылы жағдайдың алдын алу үшін бәріміз өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауымыз қажет, сонымен қатар балаларымызға да үйретуіміз керек. Өрттің алдын алу үшін мектеп, отбасы және мемлекеттік өртке қарсы қызметкерлер «үштік одақ» болып бірыңғай тәсілімен жұмыс істесе ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге болатыны анық.

Балаларды біршама уақыт үйде жалғыз қалдырған ата-аналар өз үйлерін тексеріп, "ересектерсіз қауіпті ойындар" тақырыбында ойланып, қажетті сақтық шараларын жүргізуі керек.

Балалардың отты абайсыз қолдануымен күресу тек өртпен күресу ғана емес, бұл, ең алдымен, біздің балаларымыздың бақытты және салауатты өмірі үшін күрес екенін есте ұстаған жөн.

"Есіл"ТЖБ бас маманы
Астана қаласының ТЖД
Аға лейтенант Балтабай А.Н.